

Ақмола облысы Жарқайың ауданы Шойындыкөл ауылының көшелерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Жарқайың ауданы Шойындыкөл ауылы әкімінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 19 маусымда № 8586-03 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Шойындыкөл ауылы халқының пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 22 желтоқсандағы қорытындысы негізінде ШЕШТІ:

1. Ақмола облысы Жарқайың ауданы Шойындыкөл ауылының көшелері қайта аталсын:

- Больничная көшесі Мәншүк Мәметова көшесіне;
- Квартальная көшесі Мұхтар Әуезов көшесіне;
- Озерная көшесі Ғабит Мүсірепов көшесіне;
- Молодежная көшесі Ыбырай Алтынсарин көшесіне;
- Почтовая көшесі Жамбыл көшесіне;
- Школьная көшесі Ілияс Есенберлин көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шойындыкөл ауылының әкімі

Н.Бердығали